

## Жарқайың ауданының Бірсуат ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Жарқайың ауданы Бірсуат ауылы әкімінің 2017 жылғы 21 тамыздағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 қыркүйекте № 6069 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы Бірсуат ауылы әкімінің 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы Бірсуат ауылы әкімінің 13.04.2018 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Жарқайың ауданының мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық бас инспекторының 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 01-10-138 ұсынысы негізінде, Бірсуат ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жарқайың ауданының Бірсуат ауылының аумағында ірі қара мал арасында бруцеллез жұқпалы ауру ошағының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бірсуат ауылы әкімінің  
міндетін атқарушы*

*М.Погосян*